

6B01405 «ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА НЕГІЗДЕРІ МҰҒАЛІМІН ДАЯРЛАУ»

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру саласының коды және атауы: 6B01 Педагогикалық ғылымдар

Даярлау бағытының коды және атауы: 6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау

Берілетін дәрежесі: 6B01405 «Құқық және экономика негіздері мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры

Бағдарламаның типі: бакалавриат, 6 деңгей ҰБШ/СБШ/ХСБЖ

Жалпы кредит көлемі: 240 академиялық кредит/240 ECTS

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

1.1 Бітірушінің кәсіби қызмет саласы

«Құқық және экономика негіздері мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында атқарады.

1.2 Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары:

- негізгі және бейіндік мектептер;
- мамандандырылған мектептер;
- орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары болып табылады.

1.3 Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері:

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- әдістемелік;
- зерттеу;
- әлеуметтік-коммуникативтік.

1.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері

Оқытушылық:

- білім алушыларды оқыту мен дамыту;
- кәсіптік қызметінде оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру;
- педагогикалық процесті жобалау және басқару;
- педагогикалық қызметтің нәтижелерін болжау, коррекциялау және диагностикалау.

Тәрбиелік:

- білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту;
- педагогикалық процестің заңдары, заңдылықтары, принциптері, тәрбиелік механизмдеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын іске асыру;
- сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлау;
- нақты тәрбиелік міндеттерді шешу;
- сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі формалары мен әдістерін пайдалану;
- оқушылар ұжымымен, пән мұғалімдерімен, ата-аналармен байланыс орнату;

Әдістемелік:

- білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- білім беру мазмұнын әр түрлі деңгейде жоспарлау;
- оқу процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтау;
- оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану.

Зерттеушілік:

- білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделеу және білім ортасын зерттеу;
- ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу;
- білім беру саласындағы озық педагогикалық тәжірибелерді талдау және жалпылау;
- педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін оқу процесіне енгізу.

Әлеуметтік коммуникативтік:

- кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;
- көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру;
- білім алушылардың тәрбиеленуі мен дамуына қолайлы жағдай жасау және оларға педагогикалық қолдау көрсету.

БІТІРУШІНІҢ МОДЕЛІ

1. **Пәндік білімі:** өзінің пәндік саласын терең және толық түсінеді, кәсіби қызметінде білімін қолданады.
2. **Ұйымдастырушы-әдістемелік қабілеті:** кәсіби қызметін жоспарлауда, ұйымдастыру мен басқаруда инновациялық технологияларды қолданады, кешенді проблемаларды шешуде *сыни ойлау мен креативтілік* танытады.
3. **Зерттеушілік дағдысы:** ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарын жүргізеді, ғылыми-ізденіс жұмыстарына шәкірттерін баулиды.
4. **Көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдысы:** команда да жұмыс істей алады, қоғамды жаңартуда белсенділік танытады.
5. **Мәдени құзыреттілік:** өз елінің мәдениетті және толерантты азаматы болу қабілетіне ие.
6. **Өмір бойы оқу қабілеті:** өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіреді.
7. **Ақпараттық дағдысы:** ақпараттық қоғамның мәнін түсінеді, кәсіби қызметінде АКТ-ны пайдаланады.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КҮТІЛЕТІН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ББ бойынша оқу нәтижелері: Осы ББ-ны табысты аяқтағаннан кейін студентер төмендегі қабілеттерге ие болуы тиіс:

- **ON1** – құқық және экономиканың пәндік және пәнаралық саланың негізгі бөлімдері бойынша білімді түсіну және интеграциялауды көрсету;
- **ON2**– әлеуметтік, саяси, құқықтық және экономикалық мәселелерді болжау;
- **ON3**–оқушыларды сыни ойлауға, проблеманы шығармашылықпен бірлесе шешуге тарту мақсатында пәннің негізгі концепциялары мен зерттеу құралдарын және құрылымын айқындай білу;
- **ON4** – құқық және экономика пәнін оқытуда АКТ-ны және цифрлық білім ресурстарын пайдалану;
- **ON5** – пән бойынша таңдалған мақсатқа сәйкес оқу жетістіктерін критериалды бағалауды және диагностикалауды қолдана білу;
- **ON6** – командада, тұлғааралық қарым-қатынаста, тиімді жұмыс істеуде коммуникативтілік көрсете білу;
- **ON7** – педагогикалық инновациялық технологияларды оқыту мен тәрбиелеудің мақсат-міндеттеріне, күтілетін нәтижелеріне және оқушылардың физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес қолдана білу;
- **ON8** –кәсіптік саладағы проблемалардың шешімін және қорытындылардың тұжырымдарын талдау;
- **ON9** –ортақ мақсатқа жету үшін командада және көшбасшылықта креативтілік көрсете білу;
- **ON10** – құқық және экономика салаларында теориялық, іргелі және қолданбалы білімді іс жүзінде қолдану.

Пәндер туралы мәліметтер

№	Пәндердің атауы	Пәндердің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит саны	Оқу нәтижелері (коды)															
				ON1	ON2	ON3	ON4	ON5	ON6	ON7	ON8	ON9	ON10						
Жалпы білім беретін пәндер циклі																			
Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті																			
1	<i>Құқықтық, экономикалық және экологиялық білім</i>	Экономика мен бизнес, ҚР құқықтық жүйесі және заңнамасы, мемлекеттік-құқықтық және конституциялық дамуы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, экология және өмір қауіпсіздігі салаларына қатысты негізгі ұғымдар мен олардың арасындағы байланыстар қарастырылады. Кәсіпкерлік, көшбасшылық және инновациялық дағдыларды меңгеруде заңнамалық және тұжырымдамалық құжаттарды талдау мен қолданудың әдіс-тәсілдері сипатталады.	5	+	+		+												
Базалық пәндер циклі																			
Жоғары оқу орны компоненті																			
2	<i>Оқушылардың физиологиялық және психологиялық дамуы</i>	Оқушылардың физиологиялық - психологиялық тұрғыдан даму заңдылықтарының негізінде балалар мен жасөспірімдердің анатомия-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктеріне, жеке басының қалыптасуына, денсаулығын сақтауға, нығайтуға қатысты мәселелер қарастырылады. Оқушылардың қабілеттерін айқындау мен дамыту, оқытушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты бекіту біліктілігін қалыптастырудың және балалардың денсаулығын қорғау, дене шынықтыру, еңбекке баулу жұмыстарын	5			+	+												

		ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері сипатталады.												
3	Педагогика және тәрбие жұмысының әдістемесі	Педагогика ғылымының негізінде анықталған оның мақсат-міндеттері, категориялары, құрылымы, әдіснамалық негіздері, негізгі даму кезеңдері, педагогикалық процесстің түсініктері, оқу-тәрбие жұмыстарының формалары, әдістері, құралдары қарастырылады. Педагогика ғылымының өзекті мәселелері, ҚР қазіргі заманауи тәрбие тұжырымдамалары, мектеп пен сыныптың тәрбиелік жүйесі және тәрбие жұмысының диагностикасы сипатталады.	5				+	+						
4	Инклюзивті білім берудеге арнайы педагогикалық технологиялар	Инклюзивті білім беру жүйесінің негізгі ұғымдары, білім беру қызметінде инклюзивті білім берудің ерекшеліктері, инклюзивті білім беру жағдайында оқу-тәрбие процесінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің заманауи моделдері мен оны іске асыруы жолдары қарастырылады	5				+	+		+	+			
5	Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы	Құқықтық терминологияны, негізгі заңды институттарды, сондай-ақ салалық және арнайы заң пәндерін білетін болады. Студенттер мемлекеттік-құқықтық шындық саласындағы теориялық-әдіснамалық базаны қалыптастыру; студенттердің негізгі мемлекеттік және құқықтық институттардың зерттеуі; студенттердің құқықтық мәдениет деңгейін көтеруге бағытталған.	5					+			+	+	+	
6	Макро, микроэкономикасы	Халықтың тауарлар мен қызметтерге деген сұраныстарына, үй шаруашылықтары мен фирмалар деңгейінде экономикалық құбылыстарға, заманауи микроэкономикалық талдаудың негізгі принциптеріне, негізгі микроэкономикалық көрсеткіштерді қолдану	7					+		+				+

		әдістемесіне сәйкес келетін өнеркәсіптік кәсіпорындардың және қызмет көрсету кәсіпорындарының жүйесін зерттейді. Жалпы экономикалық көрсеткіштер (жалпы ішкі өнім, ұлттық табыс және т.б.), олардың ақша айналымы, жұмыспен қамтылуы, инвестициялар және т.б. байланыстарын қарастырады.												
7	Қазақстан Республикасы мен шетелдердің конституциялық құқығы	Конституциялық-құқықтық реттеуге жататын қоғамдық қатынастардың аясы, конституциялық-құқықтық нормалар, институттар және қатынастар, Қазақстан Республикасының және шетелдердің конституциялық даму тарихы, мемлекеттің конституциялық құрылым негіздері, жеке адамның құқықтық жағдайы, мемлекеттік органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдардың құқықтық мәртебесі, сонымен қатар Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы саласының және ғылымның негізгі даму тенденцияларын қарастырады.	5									+	+	+
8	Кәсіпорын экономикасы	Кәсіпорындар барысында бизнестің шешімдерін әзірлеу және қабылдау процестері, заңды, экономикалық, қаржылық және әкімшілік ортадағы кәсіпорын үшін жаңа механизмдер қарастырылады; кәсіпорынның экономикалық механизмдерін зерттеуді. Нарықтық қатынастарды мемлекеттік реттеуді ескере отырып, студенттердің экономикалық ойлауын және ұлттық экономиканың жүйесінде кәсіпорынның рөлі мен орнын түсінуді дамытуға бағытталған.	5										+	+
9	Құқық және экономика пәндерін инновациялық технологиялар және мектепте оқыту процесін	Құқықтық және экономикалық оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық	5										+	+

	ұйымдастыру	құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған, қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі- оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны қалыптастыру.											
Базалық пәндер циклы													
Таңдау компоненті													
11	1. Экономикалық ілімдер тарихы мен Қазақстандағы нарықтық экономика	Экономикалық зерттеулер мен Қазақстанның нарықтық экономикасы тарихын, еркін кәсіпкерлікті, өндірістік жабдықтарға меншік нысандарын, нарықтық баға белгілеуді, шаруашылық субъектілерінің, экономика секторларының шарттық қатынастарын, шаруашылық қызметті мемлекеттік реттеудің негізгі принциптерін, тауарларды және қызметтерді өндіруді, бөлуді, бағдарламалауды және реттеуді қарастырады.	6	+			+				+	+	+
	2. Экономикалық теориясы	Шектеулі ресурстар жағдайында тауарларды өндіру, айырбастау, бөлу және тұтыну, экономикалық теорияның пәні мен функциялары, тарих, түрлі бағыттар мен мектептер, экономикалық теория және ұтымдылықты, эквивалент және экономикалық теорияның элементтері сияқты адамдардың және жалпы экономикалық жүйенің жалпы мінез-құлық үлгілерін қарастырады.		+			+				+	+	+
12	1. Мемлекеттік басқару және әкімшілік құқық	Мемлекеттік басқару және әкімшілік құқық жалпы қоғамдық қатынастарды, оның ішінде әкімшілік құқықтық реттелуін қарастырып, тәжірибеде әкімшілік-құқықтық нормалардың орындалуын тақылайды және мемлекеттік басқаруда объектілер мен субъектілердің	6	+			+				+	+	+

		құқықтық мәртебесін белгілеп, басқарудың құқықтық әдістері мен нормаларын және олардың жүргізілу тәртібін айқындап, сонымен қатар басқарушы мен басқарылушы тараптардың қызметтерін қарастырады.											
	2.ҚР Азаматтық іс жүргізу құқығы	ҚР Азаматтық іс жүргізу құқығының нормалары соттың және процестің барлық қатысушысының қызметін реттейді; сондай-ақ, олардың құқықтары мен міндеттерін анықтай отырып, <u>сот</u> мәжілісін жүргізудің тәртібін белгілеуді, АКТ-ны пайдалану арқылы қарастырады.		+			+				+	+	+
13	1.Кәсіпкерлік іс -әрекетті ұйымдастыру	Кәсіпкерлік және оның даму шарттары, кәсіпкерлік қызметтің түрлері, өнеркәсіптік, мемлекеттік кәсіпкерлік, іскерлік салалар: коммерциялық, қаржылық, сақтандыру, делдалдық кәсіпкерлік, іскерлік тәуекелдікті түсіну, кәсіпкерлік ұйымдық-құқықтық нысандары зерттеледі. Меншік нысанына байланысты фирмалар және олардың түрлері, Қазақстанда бизнесті дамыту және мемлекеттік қолдау бағдарламаларын қарастырады.	7	+			+				+	+	+
	2.Бизнесті ұйымдастыру	Бұл курста кәсіпкерліктің түрлері мен нысандарын, оның негізгі ұйымдастырушылық-құқықтық формаларын қарастырады; ірі бизнес, жеке кәсіпкерлік, шағын және орта бизнес ұйымдастыру ерекшеліктері; банкроттық; мәмілелер мен келісімдер, оның түрлері; ресурстарды қолдау бойынша бизнес; бизнесті мемлекеттік және мемлекеттік реттеу жүйесі; стратегиялық бизнесті басқару; персоналды басқару; бизнестің экономикалық тиімділігі қарастырады.		+			+				+	+	+
14	1.ҚР Еңбек құқығы	Меншіктің түріне , шаруашылықты жүргізудің	6				+					+	+

		ұйымдық-құқықтық пішіміне қарамастан, кәсіпорын (мекеме, ұйым) қызметкерлерінің еңбегін ұйымдастыру саласындағы қарым-қатынастарды реттеп, олардың әлеуметтік құқыларын қорғайтын нормалар жиынтығы. Еңбек құқығының арқауы қоғамдық еңбек қатынастары болып табылады, бұл қатынастар қоғамдық пішімдегі еңбек процесінде міндеттілік сипат иеленеді. Еңбекті пайдалану, шарттары мен ұйымдастырылуы құқықтық реттеуді қарастырады.											
	2. Салыстырмалы құқық	Әлемдегі әртүрлі елдердің мемлекеттік құқықтық жүйесін, олардың ұқсастығы мен ерекшеліктерін, дамыған, демократиялық елдердің озық тәжірибелерін таныстыру. құқықтың тарихын, ұлттық құқықты терең түсінуді; халықаралық құқық туралы білімін тереңдетуді; философиялық ойлау жүйесін қалыптастыруды; әлемдегі құқықтық жүйелерді салыстыру, талдау, баға беру арқылы жеке құқықтық көзқарас, пікірлерін дамытуды қамтамасыз ету.											
15	1. ҚР Салық, банк, кәсіпкерлік құқықтары	Тәртіп бойынша қоғамдық мүдде әлеуметтік аумақ ретінде: тұрғындардың тұрмыс жағдайының жақсартылуы, адамдардың күнделікті қажеттіліктерінің мейлінше, көбірек қанағаттандырылуы болып табылады. Сонымен қатар, салық, банк және кәсіпкерлік қызметтің жан-жақты құқықтық реттелуі және салалық құқықты кеңінен зерттеу мемлекеттегі жүргізіліп жатқан реформалардың жетістікке жетуінің маңызды түрткісін қарастырылады.	9	+			+				+	+	+
	2. ҚР Қаржы және бюджет құқықтары	Мемлекеттің қаржылық және бюджеттік қызметінің түрлері мен әдістерін, қаржылық бақылау, сондай-ақ өзара байланысқан және бір		+			+				+	+	+

		даму жүйесіндегі қаржылық-құқықтық нормалармен оларды реттейтін және бекітетін қоғамдық қатынастарды қарастырады.											
16	ҚР Қылмыстық құқығы	Қылмыстық құқық бұзушылық және жазаға қатысты болып табылатын, яғни қылмыстық заңның түсінігі, міндеттері, қылмыстың және қылмыстық теріс қылықтың түсінігі, санаттары, қылмыстық жауаптылықтың түсінігі мен негіздері, жазаның мақсаттары мен түрлері, одан босатудың негіздері сияқты мәселелермен қатар, жекелеген қылмыс түрлеріне құқықты қалыптастыру.	5	+		+			+		+	+	
	ҚР Ювеналды құқығы	Құқық қорғау органдарындағы түрлі мамандандырылған құрылымдарды біріктіру, кәметке толмағандардың қараусыз қалуы мен құқық бұзушылықтарының алдын алу жүйесін құру, адвокатура және құқық қорғау органдары отбасын, мектепті қоса алғанда барлық ресурстарын жұмылдыруды қарастырады.											
17	ҚР Азаматтық құқық	Қолданыстағы азаматтық заңнаманың нормаларын қолдана және түсіндіре алуы қажет, азаматтық кодекстің нормаларын сондай-ақ азаматтық айналымда туындайтын қатынастарды реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілердің нормаларымен үйлестіре алуы және анализ жасауға бағытталған.	5	+		+					+	+	+
	ҚР Тұрғын үй құқығы	Тұрғын үйге деген құқықтың пайда болуы, жүзеге асуы, жойылуы айналасында туындайтын қоғамдық қарым-қатынасты реттейтін құқық саласын қарастырады. Тұрғын үй құқығы әр түрлі құқықтық актілерде бекітілген нормаларды жинақтап, бір актіге біріктірілген тұрғын үй заңы арқылы тұрғын үйді меншіктену, пайдалануға		+		+					+	+	+

		беру, жер учаскелеріне үй салу, т.б. қоғамдық қатынастарын реттейді.												
18	1.Кәсіпорынның инвестициялық және инновациялық қызметін ұйымдастыру	Кәсіпорындардың инновациялық және инвестициялық қызметі, инновацияның негізгі қағидаттары, дәстүрлі инновациялық өндірістің басымдығы; инновациялық өндіріс тиімділігі, бейімделу; зерттеу және дамыту нәтижелерін кәсіпкерлік қызметке енгізуге бағытталған процесс. Инвестициялық қызметті қаржыландыру көздері. Инвестициялық және инвестициялық саясат. Кәсіпорынның инвестициялық және инновациялық саясатының өзара байланысы мен өзара байланысын қарастырады.	8	+			+					+	+	+
	2.Өндірістік сала экономикасы	Өндіріс саласының ролі мен маңызы, Қазақстан Республикасының тиімді өндірістік саласын қалыптастыру және дамыту, оның салалық құрылымы - өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, сауда және т.б. орналасуы, аймақтық мамандандырылған кластерлерді басқару, өнеркәсіптің ресурстары, олардың тиімділігі туралы білім беру және ғылыми пәндер. пайдалану, индустриалдық-инновациялық даму, ҰТӨ, өндірістік саланың кәсіпорындары сыртқы экономикалық қызметінің экономикалық механизмдерін жетілдіру.		+			+					+	+	+
19	Аймақтық экономика	Еліміздің кейбір өңірлерінде өнеркәсіптік секторлар мен кәсіпорындардың ұтымды орналасуын, өнімдерді сату аймақтарын қалыптастыруды қарастырады. Материалдық және еңбек ресурстарын тиімді пайдалану, экономиканы басқару мен реттеу тетіктері мен әдістерін жетілдіру, экономиканы дамыту, фермалардың салааралық мамандандырылған түрлерін орналастыру үшін жағдай жасау,	6	+			+					+	+	+

		аймақтағы өндіріс секторларын жетілдіру, өңірлік басқару жүйесін модельдеуінің проблемаларын қарастыру.												
	Мемлекеттің экономикалық саясаты	Экономикалық саясатты, бірқатар шараларды, макроэкономикалық деңгейде экономикалық шешімдерді таңдау және жүзеге асыру бойынша мемлекеттік шаралар, экономикалық саясатты жүзеге асыру, экономикалық саясаттың мақсаттары мен құралдарын зерттеу. Экономикалық саясатты қалыптастырудың пайда болуы. Экономикалық саясаттың жіктелуі және субъектілері. Экономикалық саясатты іске асыру құралдары. Экономикалық саясат, әкімшілік шаралар, институционалдық шаралар әдістерін жіктеу.		+			+					+	+	+
20	1. Сыбайлас жемқорлықпен күресті құқықтық реттеу мәселелер	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы негізде білім жүйесін қалыптастыру, бұл құбылысқа қатысты азаматтық ұстанымды қалыптастыру; сыбайлас жемқорлық қазіргі заманның құбылысы ретінде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тетігі ретінде қоғамдық бақылау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін құқықтық жауапкершілік; мемлекеттік қызметті реформалаудың сыбайлас жемқорлыққа қарсы аспектілері қарастырылған. Теориялық білімін іс жүзінде қолдана білу.	5	+			+					+		+
	2. ҚР Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы	Материалдық игіліктер қоғамның еңбекке жарамсыз мүшелеріне, мемлекеттің және арнайы қорлардың есебінен әлеуметтік нормаларда белгіленген кездерде және жағдайларда бөлінеді. Осы құқық саласының келесідей жекелеген институттарын зерттейді: еңбек стажы, зейнетақымен, жәрдемақылармен, жеңілдіктер,	5	+			+					+		+

		өтемақылар және т.б. қарастырылған. Теориялық білімін іс жүзінде қолдана білу.											
	3. ҚР Экологиялық құқық	Қазақстан Республикасының ұлттық құқық жүйесінің жеке құқық саласы ретіндегі, экологиялық қатынастарының субъектілері өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру барысында туындаған қатынастарды реттейтін нормалар жиынтығы мен негізгі әдістер арқылы құқықты лайықты шеңберінде зерттейді; экологиялық құқығының институттары мен нормаларының мазмұнын, экологияны қорғауды қарастырады. Теориялық білімін іс жүзінде қолдана білу.	5	+			+				+		+
	4. ҚР Нотариат	Бұл даусыз келісімдерді, фактілерді, дәлелдемелерді, құжаттарды куәландыруды және азаматтардың және заңды тұлғалардың құқықтарын, мүдделерін заңды түрде бекітуге бағытталған басқа да мұрагерлік құқықтарды рәсімдеу, атқару жазбаларын жүзеге асыру және басқа да нотариалдық әрекеттер жүргізудегі ролінде бағытталған. Теориялық білімін іс жүзінде қолдана білу.	5	+			+				+		+
21	1. Әлеуметтік сала экономикасы	Мемлекеттік сектор теориясы саласындағы әлеуметтік саланың тұжырымдамасы және мәні. Әлеуметтік саланың міндеттері мен функциялары. Қаланың әлеуметтік саласының жұмыс істеуі мен дамуы, әлеуметтік сала объектілерін орналастыру қағидалары, экономикалық маңызы мен әлеуметтік саланың өндірістік-техникалық базасының мақсаты. Экономиканың әлеуметтік саласы және оны реформалау негіздерін қарастыру. Теориялық білімін іс жүзінде қолдана білу.	5	+			+				+		+
	2. Экономиканы	Мемлекеттің түзетулер мен негізгі экономикалық		+			+				+		+

<i>мемлекеттік реттеу</i>	процестерді құру үшін қолданатын шаралары, іс-шаралары қарастырады. Салық-бюджет саясаты. Ақша саясаты. Сыртқы сауданы реттеу, кірістерді бөлуді бақылау. Нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеу механизмдері, әдістері мен формалары, реттеудің себептері. Тікелей, жанама, сыртқы экономикалық реттеу әдістерін тиімді пайдалану. Теориялық білімін іс жүзінде қолдана білу.	5									
<i>3. Адами капитал</i>	Адам капиталын, адам капиталын бағалаудың құрылымын, түрін және әдістерін, экономиканы, ғылымды және білім беруді дамытудағы адами капиталдың рөлін адам капиталын, оның қолданылу тұжырымдамасын және сипаттамаларын, ұлттық адами капиталдың тұжырымдамасын, тарихи дамуын және өркениеттерін зерттейміз. Адами капиталды тиімді пайдалану экономикасын зерттейді. Теориялық білімін іс жүзінде қолдана білу.	5			+			+		+	
<i>4. ҚР Бюджет жүйесі</i>	Экономикалық қатынастар мен заңдық нормаларға негізделген түрлі деңгейдегі бюджеттердің жиынтығы, сондай-ақ оларды әзірлеу, қарау, бекіту, атқару және атқарылуын бақылау үдерісі. Бюджет жүйесінің бірлігі бірыңғай заң шығарушылық негіз, бюджеттік құжаттама нысаны, бірыңғай бюджеттік сыныптаманы (кіріс пен шығыстың міндетті бірыңғай топтамасын) қолдану, бюджеттердің төменгі деңгейінен келесі деңгейіне қажетті статистикалық және бюджеттік ақпарат беру, бірыңғай ақша жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі. Теориялық білімін іс жүзінде қолдана білу.	5		+	+				+	+	
Бейіндеуші пәндер циклі											

Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті												
19	<i>Құқық және экономика пәндерін оқытудың әдістемесі</i>	Құқық және экономика негіздерін оқытуда оқушылардың білімін тексеруді ұйымдастыру әдістемесі, құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесінің міндеттері, қазіргі жағдайы және жетілдіру бағыттары туралы т.б. білімдерін анықтауға мүмкіндік қарастырылған.	4		+		+				+	+
22	<i>ҚР Отбасы құқығы</i>	Отбасылық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жүйесін: некеге тұру, туысқандық, асырап алу, балаларды отбасына асырап алу кезінде азаматтар арасында туындайтын жеке және мүлктік меншік қатынастары. Отбасылық құқық некеге тұру және отбасына тиесілі болатын әлеуметтік қатынастардың белгілі бір түрін - отбасылық қатынастарды реттеуге бағытталған.	5	+		+		+			+	+
23	<i>Маркетинг және менеджмент</i>	Өнімдерді өндіру және сатуды ұйымдастыру, тауарлар мен қызметтерге нарықтық сұранысты зерттеу, анықтамаларын, тарихын, негізгі түсініктерін, мақсаттар мен функцияларын, міндеттерін, басқару ұғымдарын, маркетингтің түрлерін, маркетингтік зерттеулерін, өндірісті басқару әдістерін, формаларын АКТ-ны пайдаланып, қарастырады. Кәсіптік саладағы проблемалардың шешімін және теориялық білімін іс жүзінде қолдану.	7					+			+	+
24	<i>Халықаралық экономика</i>	Әртүрлі мемлекеттердің шаруашылық субъектілерінің тауарлармен, қызметтермен, еңбек, капиталмен және басқа да өндіріс факторларымен халықаралық алмасу саласындағы өзара іс-қимылының үлгісін қарастырылып, халықаралық микро және макроэкономика, сауданы, өндірісті және инвестицияларды, сондай-ақ ақша-несие және қаржы қызметін қоса алғанда, өз субъектілері	4	+	+							+

		арасында қалыптасатын экономикалық қатынастарды реттейді. Экономикалық мәселелерді болжап, қолданбалы білімді іс жүзінде қолдану.											
25	<i>Халықаралық құқық</i>	Қатынастарды реттейтін шетелдік элементтердің қатысуымен құқықтық қатынастардың жиынтығын зерттейді. Халықаралық құқықтың теориялық тұжырымдамалары және заманауи халықаралық құқықтың негізгі салаларымен танысып, олардың тарихын, халықаралық қоғамдық және жеке құқық, жоғарғы заң, халықаралық соттардың қорытындыларының тұжырымдарын талдап, ортақ шешімге жету үшін, теориялық білімін іс жүзінде көрсете білу.	8	+								+	+
26	<i>Инновациялық кәсіпкерлік</i>	Инновациялық кәсіпкерлік, оның мәні, қазіргі заманғы жағдайдағы дамуы мен даму мүмкіндіктері зерттеледі. Инновациялық кәсіпкерліктің жұмыс істеуі, инновациялық өнімдерді құруға байланысты шығындарды төмендету, инновациялық салада кәсіпкерліктің негізгі түрлері, инновациялық өнімдер, инновациялық технологиялар, әлеуметтік инновациялар, кәсіпкерлікті дамыту кезеңдері, бизнес-жоспарды қалыптастыру, зерттеу, сараптау, инновациялық тәуекелдер және оларды жіктеу, цифрлық білім ресурстарын пайдаланып, іргелі білімін практикада көрсете білу.	4				+	+	+			+	+